

84(5Каз)

E 58

Ерте, ерте, ертеге...



Еңбекпен
тапташ
тының

Жасалып
жөнгөс

Еңбекпен тапқан тыңғын

664593





Біреудің еркे ұлы болыпты, өзі жалқау екен. Сөйтсе де, әкесі оны бағып-қағып, киіндіріп жүріпті. Ақыры кәрілік женіп, сырқаты күшейген қарт әйеліне айтыпты:

- Өмір бойы жинаған мұлкімді түгелдей басқа біреуге беремін. Ұлымға ештеңе қалдырмаймын. Ол - жалқау, - деп.



Ұлын аяп, анасы он сомдық алтын береді.

- Кешке дейін бір жерде бола тұр, - дейді ол баласына. -

- Қараңғы түскен соң үйге кел. Сонан соң: "Мынаны еңбегіме алған едім", - деп, әкеңе бер.

Баласы шешесінің айтқанын орындайды.



Алтынды шал жанып жатқан пешке лақтырып жіберіп:

- Бұл сенің еңбектеніп тапқан ақшаң емес, - депті.
Ұлы жымышп күліпті де, түк айтпай, шығып кетіпті.
Құлықтан ештеңе шықпайтынын білген анасы:
- Біз әкенді алдай алмайтын көрінеміз, балам.




Одан да ақшаны жұмыс істеп тап, - деп ақыл айтыпты.
Анасының тілін алып, бала бір апта жұмыс істейді.
Тапқан тынының әкесіне береді. Қария алтынды тағы да
отқа лақтырып жібереді:
- Жоқ, бұл да өз еңбегінмен тапқан ақша емес, - деп.



Бұған ұлы шыдай алмай, шоқтан жалаңаш қолымен ақшаны суырып алады да:

- Әке! Мен бұл тынды апта бойы шаршап-шалдығып жүріп таптым. Сіз оны отқа тастайсыз. Мұныңыз қалай? -
- деп айқай салыпты.



Сонда әкесі тұрып:

- Бұл ақшаны, шынында да, өз еңбегіңмен тапқан
екенсің, балам. Көзім енді жетті, - депті.

Жатан жондас





Екі адам келе жатып, бір аюға кездесіпті.
Олардың біреуі әлсіз, ауру екен.




Аюды көрген кезде, сау адам ауру жолдасын тастап,



бір ағаштың басына шығып кетіпті.
Ауру, әлсіз адамның ағашқа шығуға дәрмені
болмайды. Ол жерге етпетінен түсіп,



өлгөн кісідей, дем алмaston, жата береді.
Өйткені аю өлгөн кісіге тимейді екен. Аю жатқан
адамның қасына келіп, иіскелеп, дыбысы
білінбеген соң, жөніне кетеді.



Аю кеткен соң, манағы жолдасы қайтып кеп,
ауру жолдасынан сұрапты:

- Достым, аю құлағыңа не сыйырлап кетті? - деп.
Сонда ауру адам тұрып:

Жамбыл облыстық



2150000 366540

"ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ
БАЛАЛАР МЕН ЖАСЫЛПРИМДЕ
КЛАПХАНАСЫ"

ДАУІЗДЕ



- Аю құлағыма: "Екінші рет тар жерде жолдасын жау қолына тастап кететін, өзінің ғана басын қорғайтын адаммен жолдас болма" - деді, - депті.

Суретшісі: Галимова Н.А.

Техникалық редакторы: Баянбаев Р.М.

«Көшпенділер» баспасы.

Тел/факс: (3272) 61-45-19. Ү. т.: 8-705-411-59-51.

Мекен-жайы: Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 67.

E-mail: kochetniki@mail.kz

Басуга 11.08.2006 қол қойылды. Таралымы 10000.

ЖШС "T-PRINT баспаханасында" басылды.

ISBN 9965-609-80-2

